

Волейболдан бақ сынады

**Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 30 жыл-
дығына орай
Арқалық қаласының
колледж және институт
студенттері арасында
лига ойындары өтті**

Студенттер лигасы аясында «Жігер» стадионында волейболдан ұлдар командалары арасында жарыс өткізілді. Аталған жарысқа қаламыздың 4 колледжі және Арқалық педагогикалық институты қатынасты. Жарыс командалардың өзара бір-бірімен ойнау жүйесінде өткізілді. Ойын нәтижесінде бірінші орынды Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының командасы иеленді, екінші орынды Арқалық медициналық колледжі жеңіп алса, үшінші орынды Н.Құл-

жанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің ойыншылары қанағат тұтты.

Жарыс барысында шебер ойын өрнегін көрсеткен спортшылар түрлі номинациялар бойынша марапатталды. Атап айтсақ: «Үздік ойыншы» деп Абай Қаржаубай (АрқПИ), «Үздік шабуылшы» болып Әділбек Әбнұр (АрқПолитехКолледж) таңылса, «Үздік доп үйлестіруші» номинациясын Дәулетхан Серікұлы (ТТК) иеленді.

Жарыс жеңімпазы мен жүлдегерлеріне кубок, медаль, мадақтама және ақшалай сыйлықтар табысталды.

